

электронные документы выполняют те же функции и обладают той же значимостью, что и традиционные документы.

Именно поэтому в условиях информатизации общества принятие закона об электронном документе было столь важным, сколько в свое время это было важно и при работе с традиционными документами. Анализ показывает, в вышеуказанных законах больше акцент сделан на функциях электронных документов. Функции, выполняемые документами могут быть различными, от информационной, социальной, учетной, правовой до управленческой и т.д. Однако электронные документы, в отличие, от традиционных характеризуются не физической, а логической целостностью. Именно признак логической целостности следует принимать во внимание при идентификации электронных документов в случаях с базами данных, гипертекстовыми, табличными и другими документами.

-
1. Залаев Г.З. Анализ и классификация электронных документов // Вестник архивиста. 1999. № 2-3. С. 60-68. (60-61 с.).
 2. Закон Республики Беларусь от 10 января 2000 г. "Об электронном документе".
 3. Закон Туркменистана «Об электронном документе» от 19 декабря 2000 г.
 4. Федеральный закон "Об электронной цифровой подписи" от 10 января 2002 г. № 1-ФЗ.
 5. Закон Республики Казахстан «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» от 7 января 2003 г. № 370-2.
 6. Закон Республики Молдова «Об электронном документе и цифровой подписи» от 15.07.2004 г. № 264-XV.
 7. Закон Республики Таджикистан "Об электронном документе" от 10 мая 2002 г. № 51.

Article is devoted to a new kind of the document - to the electronic document. With expansion of sphere of application of information technologies versions of electronic documents have appeared. Evolution of concept «the electronic document» and his classification is analyzed.

Д. Күзенбаев

1950-1960 ЖЫЛДАРДАҒЫ ИРАННЫҢ ІШКІ САЯСАТЫ

Екінші дүниежүзілік соғыстың аяғында Иран өндірісі нашар дамыған, ауыл шаруашылығында жартылай феодалдық қатынастар басым келген аграрлық ел болып қала берді. Капитализмге дейінгі өндірістік қатынастардың ыдырауы және осы реттегі капитализмнің үздіксіз дамуы елдегі ішкі саяси жағдайды қиындатты. Бұған Иран үкіметінің жүргізген экономикалық саясаты әсер етпей қоймады. Шетел тауарларының елге кіргізілуіне кең мүмкіндік бере отыра Иран үкіметі ұлттық өндірушіні тең емес бәсекеге итермелеп отырды.

40-шы жылдардың ортасында Иранда феодалдылықтың қалдықтары мен үлкен әлеуметтік бөлініс әлі де орын тапты. Көптеген артықшылықтарға ие әл-ауқаттылар және халықаралық сауда монополиясына қолы жеткен шексіз байлыққа кеңеліп өмір сүрді. Ал ұсақ буржуазия өкілдері мен ауыл тұрғындары және де басқа әлеуметтік топтар кедейшілік жағдайда өмір сүруге мәжбүр болды.

Экономикалық зерттеулердің нәтижелеріне қарайтын болсақ, Иранның Исфahan, Мазендеран, Лурестан, Хузестан қалаларында жұмысшылардың табысы күніне 50 риалдан аспаған, ресми мәліметтер бойынша мамандандырылған жұмысшылардың айлық еңбекақысы 1961-1962 жж. орта есеппен 2500 риалды құраған, ал шын мәнінде бұл көрсеткіш әлдеқайда төмен болған. 1961 ж. 29 мамырындағы «Кейхан» газетінің мәлімдеуі бойынша барлық жұмыспен қамтылған халықтың 87 пайызы 2500 риалдан төмен кіріс алған, яғни бұл ресми төменгі өмір сүру көрсеткішінен 12 есеге артық болған, ал осы жылдар ішінде өмір сүру индексінің құны 12 есеге өскен.

Бағаның тоқтаусыз өсу қарқынында халықтың көп бөлігі аштық жағдайында өмір сүруге мәжбүр болуы кедейшілік, аштық, антисанитария өз ізін қалдырмай қоймады. Елде эпидемиялық аурулар өршіді, көптеген аймақтар медициналық көмекке қолдары жетпеді. Жалпы ел ішінде 20 мың дәрігерлік орын болса соның, 8 мыңы Тегеранда орналасты. Жағдайды медицина жұмысшыларының тапшылығы ушықтырды. Елдегі 5 мың дәрігердің 4700-і Тегеран және басқа да ірі қалаларда жұмыс істеді, ал 45 мың ауылды мекендерге небары 300 дәрігер тура келді. Балалар өлімінің көрсеткіші өте жоғары болды, жас балалардың 80 пайызға жуығы 4 жасқа дейін жетпей өліп отырды [1].

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Таяу және Орта Шығыс халықтарының ұлт-азаттық және демократиялық қозғалысы Иранды да қамтыды. Елде демократияландыру күресін 1945 ж. құрылған Иранның ұлттық партиясы (Туде) басқарды. Осы ретте өз биліктерінен айырылғысы келмеген және елді демократияландыруға қарсы шыққан Иранның билік өкілдері империалистік державалардан

көмек сұрады. Олардың ерекше сенім білдіргендері АҚШ болды. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін өзін «капитализм қатерінен» «әлемді азат етуші» ел ретінде сезінген АҚШ өзінің пиғылының таза екендігін және оның ұмтылысы Иранды «батыс өркениетіне» қосу екендігін БАҚ арқылы насихаттап отырды.

Империалистік державалармен жақындасу жолына түскен Иран үкіметі бірте-бірте өзінің жеке-даралығынан айырыла бастады. АҚШ империализміне бағытталу арқылы Иран күрделі әлеуметтік-экономикалық проблемаларға тап болды. Иран үкіметінің бұл әрекеті АҚШ-тың Иранды экспансиялауына және елді өндірістік дамуын халықаралық монополиялық капиталға бағындыруына жол ашты.

Соғыстан кейінгі жылдары Иранның билік өкілдері ел экономикасын тығырықтан шығаруға бағытталған біршама әрекет жасады. 1946 ж. Квара-Салтане үкіметі елді экономикалық, әлеуметтік тұрғыдан реконструкциялауға бағытталған жеті жылдық жоспарды жасауға кірісті. Бірақ бұл жоспарды жасау үшін Иранның жеткілікті дәрежеде кәсіби мамандары болған жоқ және жүзеге асыруға қажетті қаржының мүмкіндігі төмен болды. Осы мәселелерді шешу мақсатында Иран үкіметі АҚШ-тан жеті жылдық жоспарды жасауға және оны қаржыландыруға көмектесуін сұрады. Осы ретте АҚШ-тың алдында Иран экономикасын өз мүддесіне пайдалануына жол ашылды. Америкалық «Моррисон-Надсен» және «Оверсиз Консалтанс» фирмалары жеті жылдық жоспарды құрастыруда консультант ретінде елге шақырылды [1, 45 б.].

Бірақ ел экономикасын құлдыраудан алып шығарудағы шах режимінің әрекеттері нәтижеге алып келмеді. Көптеген себептердің әсерінен алғашқы жеті жылдық жоспарды (1949-1950, 1955-1956) жүзеге асыру нәтиже берген жоқ. Ұлыбритания мен АҚШ-тан келген көптеген кеңесшілер жоспарлау комитеті мен экономика министрлігінде негізгі әрі маңызды орындарды ұстап алып, елдің өндірістік дамуын әдейіге тежеумен болды. Онысы түсінікті де, олардың негізгі мақсаттары өздерінің монополиялық капиталы үшін өндірістік база табу және оны инвестициялау көздерін қарастыру болып табылады. Империалистік державалар жоспарлау комитеті алғашқы орынға әскери-стратегиялық объектілердің салынуын жүзеге асыруға қол жеткізді.

Бірінші жеті жылдық жоспардың нәтижесіз болғанына қарамастан, Иран үкіметі ел экономикасын жоспарлы түрде дамытуға шешім жасап, келесі жеті жылдық жоспарды жасады, оны 1956 ж. Иранның мәжілісі бекітті.

Жеті жылдық жоспардың жүзеге асырылу кезеңінде империалистік державалар Иранның валютаға деген мұқтажығын түсініп, оған көптеген несиелер мен займдар бере отыра, елде өз позицияларын күшейтіп, Тегеранның оларға қажетті саяси-экономикалық бағытты жүргізуіне қол жеткізбек болды [2].

Екінші жеті жылдық жоспар ресурстарды мобилизациялауды, шетел капиталын көптеп тартуды, елдегі жеке кәсіпкерлікті қолдауға және капитализмді өсіруге бағытталды. Осы мақсатта 1957 ж. Жеке кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі заң қабылданды. Заң бойынша кәсіпкерлікті банктер арқылы несиелеу қарастырылды. Жеке кәсіпкерлікке бағытталған несие көлемі 1955 ж. 7,6 млрд риалды құраса, 1958 ж. басында бұл көрсеткіш 14,7 млрд риалға жеткен. Осы уақыт ішінде мемлекеттік секторды несиелеу 1,8 млрд-тан 18,9 және 20,7 млрд-қа дейін өскен. Тек қана жергілікті капитал ғана емес шетелдік капитал да көптеген жеңілдіктерге ие болды. Мұндай саясат Ирандағы капиталистік қатынастардың дамуына және сауда операцияларын несиелеумен айналысатын жеке банктердің пайда болуына алып келеді деп жоспарланды. Егер 1956 жылға дейін Иранда 13 ғана банк болса, 1956-1959 ж-ға дейін тағы да 14 банк пайда болды [3].

Көптеген ирандық авторлардың сөзіне қарасақ, екінші жеті жылдықтың нәтижесінде едәуір әлеуметтік-экономикалық өзгерістер болған жоқ. Ауылды жерлерде сақталып қалған жартылай феодалдық жүйе Иранның ауыл шаруашылығының дамуына мүмкіндік берген жоқ. Жер онда жұмыс істейтін шаруаның меншігі болған жоқ. Осы уақыт аралығында ауыл шаруашылығына небары 23464 млн риал жұмсалды. Бұл ауыл шаруашылығының ел экономикасындағы негізгі рөл ойнайтынын ескермегенде, ауыл шаруашылығында жұмыс істейтін халықтың 56,2 пайызы шоғырланған.

Жартылай феодалдық қатынастар аграрлық саладағы технологиялардың ескі болуы, жердің тұздануынан сақтандыратын әдістердің болмауы егін науқанының төмен болуына алып келіп соқтырды. Иран бидай, арпа, күріш сияқты ауыл шаруашылық өнімдерін сырттан импорттауға мәжбүр болды. 1961-1962 жж. осы өнімдердің импорты 126000 тоннаға жеткен.

Өндіріс саласының да даму қарқыны төмен болды. Ел бойынша бірнеше ғана ұсақ өндіріс ошақтары пайдалы болды. Иранның мәліметтеріне қарағанда 1961-1962 жж. ел бойынша небары 10247 өндірістік, негізінен ұсақ мекемелер қызмет етті, онда барлығы 131000 жұмысшы еңбектенді. Сол кездегі Иран шахы Мұхаммед реза Пехлевидің айтуы бойынша екінші жеті жылдық жоспарда

әлеуметтік мәселелер қарастырылған. Онда халықты азық-түлікпен, үймен, киіммен, медициналық қызметпен қамтамасыз ету және білім беру жүйесін дамыту жоспарланған. Бірақ әлеуметтік салаға деген қаржылай шығындар оны толығымен қамтамасыз етуге жеткен жоқ. 1956 ж. Халық санағының мәліметі бойынша, Иран халқының 16 пайызы ғана білімді болған. Сонымен қатар медициналық қамтамасыздандыру да өте төмен дәрежеде болды. Екінші жеті жылдық жоспар бірінші жоспар сынды айтарлықтай әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шеше алмады. Жалпы алғанда, жоспардың өзі ел экономикасын секторларға бөліп дамытуға бағытталмай, негізгі мәселелерді шешуге үстіртін халде болды. Иранның жоспарлау комитеті көптеген себептерге байланысты мемлекеттік және жеке секторларды бірге ұстай алмады. Сонымен қатар ел үшін ең маңызды ауыл шаруашылық саласын біріктіру процесі нәтижесіз болды. Алға қойылған мақсаттарды жүзеге асыруда жоспарлау комитеті мен тиісті министрліктер жұмысында ешқандай координация болған жоқ [4].

Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуымен Таяу және Орта Шығыс елдеріндегі империалистік мемлекеттердің ықпал ету тәртібі өзгерді. Германия, Италия, Франция аймақтарындағы бұрынғы күштерін жоғалтып алды. Ұлыбританияның рөлі де біраз әлсіреп қалды. Бұл тек қана соғыстың нәтижесінде емес, сонымен бірге Британ империясының құрамындағы мемлекеттерде ұлттық азат ету қозғалыстарының белең алуының нәтижесінде де болды. Дәл осы уақытта қуатты ғылыми-техникалық және экономикалық потенциалы бар АҚШ аймақтағы өз рөлін күшейте бастады.

КСРО-мен бейбіт қатынас орнатқысы келгендей болып, Иран қоғамындағы, яғни халық арасындағы тынышсыздықты басуға әрекет етсе, екіншіден, АҚШ-тан өзіне тиімді жағдай талап етіп алу үшін пайдаланды, Иран үкіметі ресми түрде КСРО-ға 20-ж. аралығында өзара шабуыл жасамау туралы ұсыныс жасады. Келісімшарт мәтіні Иран жағымен дайындалып, Тегерандағы Кеңес елшісіне берілді [5].

Кейіннен екі жақ жоғары дәрежедегі келіссөздер жүргізу туралы шешімге келді. 1959 ж. басында КСРО үкіметінің Сыртқы істер министрінің орынбасары В.С. Семенов бастаған делегация келді.

Бірақ кейінгі оқиғалар желісі көрсеткендей, Эгбаль үкіметі ниеттерінің шын емес екендігін көрсетті. КСРО Иранмен келіссөздердің алғашқы кезінің өзінде, өзара келіссөздер жүргізу үшін, ең басты талап, Иран басқа үшінші елмен әскери келісім жасасуына болмайтын еді. Қол жеткізген келісімге қарамай, Иранның басқарушы тобы КСРО-мен қатар АҚШ-пен келіссөздер жүргізе отырып, 1959 ж. 5 наурыз күні екіжақты әскери келісімшарт жасасты. Осылайша, Иран КСРО-мен тату көршілік саясатынан біржолата бас тартты, АҚШ-тың әскери әріптесіне айналды, сәйкесінше КСРО-ға қарсы мемлекеттер қатарына кірді.

Иран - америкалық келісімшарт өз сипаты бойынша, Иран - КСРО бейбіт қатынастарды әлсіретуге, Ирандағы ұлт-азаттық қозғалыстарды басуға бағытталған болатын. Бұл келісімшартқа қол қою арқылы, АҚШ Иран территориясына «агрессияның барлық түріне» тойтарыс беру үшін өз әскерін еркін кіргізуге заңды құқық алды. СЕНТО-ның құрамына кіру арқылы Иранның КСРО-ға қарсы қырғи-қабақ соғысқа қатысуы Иран халқының онсызда ауыр жағдайын, одан сайын ауырлатты.

Сонымен қатар Ішкі істер министрлігінің аса үлкен аппаратының полицияларына, Ұлттық қауіпсіздік қызметкерлеріне бюджеттің 50%-ға жуығы жұмсалып отырды. Мемлекетті полицейлік-террористік әдіс арқылы басқару, демократиялық қозғалыстарды басып тастау, ұлттық байлықтарды монополистік капиталдардың тонауы Ирандағы еңбекшілердің өз құқықтары үшін жаңа көтерілістерге шығуына алып келді. Ішкі саяси және әлеуметтік-экономикалық қиындықтардан халықтың ойын басқа жаққа бұру үшін басшылар халықтың назарын әдейілеп сыртқы саясатқа аударды. Мысалы, Ауғанстан Гильменд өзенінде гидротехникалық құрылма болғандықтан, Иранға келетін су көлемі азайғанына және соның кесірінен аштық болғанына халықты сендірді [6].

Шаруалар өз мүдделері үшін көтеріле бастады. Сол сәттен бастап меджлисте Гильменд өзенінің суын дұрыс бөлу туралы мәселе қаралып, радио және газеттер арқылы антиауғандық насихат белсенді жүре бастады. Бұл халықтың әлеуметтік-экономикалық қиыншылықтардан назарының ауытқуына алып келді. Дәл осы әдісті Иранға қатысты да қолданған болатын, яғни әскери шығындардың көбеюіне ақталу мақсатында, билеушілер халықты әр түрлі жолмен Иран елінен Иранға төніп тұрған қауіпке сендіргісі келді.

АҚШ-пен жасалған әскери келісімнен кейін Иран КСРО-мен келіссөз жүргізуге мүдделі болмады және алдында жасалған өзара шабуыл жасаспау туралы келісімді «қатырып» тастады.

Эгбальдің ішкі және сыртқы агрессивті саясатын жасырып, халықты кеңес үкіметіне қарсы қою үшін антикеңестік бағыттағы іс-шаралар жүргізіледі (газетте, радиода хабарламалар беру, т.с.с.).

Иранның капиталистік дамыған елдердің техникалық-экономикалық көмегіне сүйеніп, тығырықтан шығу деген үміті ақталмады. Бұл жеті жылдық жоспарлардың құлдырауынан кейін

белгілі бола бастады, яғни қымбатшылықтың өсуі, үкіметтің азық-түлік тағамдары мен көп қолданылатын тауарларға бағасын тұрақтандыра алмауы және т.с.с. оқиғалар бой алды.

«Позитивті ұлтшылдық» атты Иранның 50-жылдардың ортасымен 60-жылдар басындағы сыртқы саясатының басты принципі елді басқа дамушы елдерден оқшаулады. Осылайша, монорхиялық Иран дамыған ірі державалардың аграрлық-шикізат көзіне, тауар өндіру саласының біріне айналды. Сонымен қатар Иран өзінің территориясын дамыған ірі державаларға әскери алаң ретінде беріп алды. Иранның қаржылық алпауыт АҚШ пен басқа да батыс елдеріне біржақты бағыт алуы, елдің экономикасының құлдырауына, табиғи ресурстардың тоналуына, көптеген тиімсіз несие алулардың арқасында валютаның келуі 50-жылдардың соңы мен 60-жылдардың басындағы қаржы-валюталық дағдарысқа алып келді.

-
1. Агаев С.Л. Иран между прошлым и будущим. - М., 1997. С.23-28
 2. Васильев Л.С. История востока. - М., 1994. С.12-13
 3. Акимбеков С. М. Афганский узел и проблемы безопасности центральной Азии. - Алматы 2003. - 1-2 С.
 4. Мирский Г.И. Армия и политика в странах Азии и Африки. - М., 1970. - С.8-13.
 5. Примаков Е.Н. Восток после распада колониальной системы. - М., 1982. - С.4-7.
 6. Денчев К. Нефтегазовый фактор в международных отношениях. – Полития, 1999. С 45-47.

В статье рассматриваются проблемы становления внутренней политики и некоторые аспекты внешней политики Ирана 1950-1960 гг.

This article is about Iran from 1950 till 1960. The article considers Iran's factor in international relations. Mostly the problem of formation of internal and external politics.